

«Сыбайлас жемқорлық: пайда болу себептері, әсері және күресу әдістері» тақырыбындағы дөңгелек үстел

25.02.2020г «Sanaly ugraq» клубы аясында «Сыбайлас жемқорлық: пайда болу себептері, әсері және күресу әдістері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел өткізудің негізгі мақсаты колледж студенттеріне құқықтық ақпарат беру және жалпы сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу болды. Дөңгелек үстел барысында Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың пайда болуының негізгі себептері; шет елдердің осы қоғамдық зұлымдықпен күрестегі тәжірибесі; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау әдістері мен тетіктері талқыланды. Дөңгелек үстел барысында студенттер білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлық мәселелері және оны еңсеру жолдары мен тәсілдері туралы өз баяндамаларын оқыды. Әр баяндамадан кейін баяндама жасаушы студенттерге сұрақтар қойылды, мәселелерді талқылау барысында пікірталастар болып, студенттер өз ойларын ортаға салды. Дөңгелек үстелге қатысушылар, сыбайлас жемқорлық елдің дамуына кедергі болып табылады және онымен бүкіл халық күресуі керек деген пікірмен бірауыздан келісті.

КОПЖТ 9/18-2, КОПЖТ 9/17-1 топтары
Кураторы: Махашева И.С. (қамтылуы 15 адам)





